

Педагогикалық кеңес 1/1

Қызылорда қаласы 05.09.2025

2025 жылдың 05 қыркүйек күні «№7 арнайы мектеп-интернат» КММ-де кезектен тыс педагогикалық кеңес болып өтті

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымы (мектеп-интернатты) мемлекеттік аттестаттауды өткізу туралы.

Тыңдалды:

1. Жуматова П.А мектеп-интернат директоры Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің білім саласында сапаны қамтамасыз комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысының 2024 жылғы 15-қазандағы №583/н бұйрығымен Қызылорда облысы бойынша 2025 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі бекітілгендігінен және мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде жүргізілгендігін атап өтті.

Ж. Илиясова- мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары жоғарыда аталған бұйрыққа сәйкес биыл бірнеше облыстық мекемелер, оның ішінде арнайы білім беру мекемелері мемлекеттік аттестаттаудан өткізіледі деп жоспарланған. Оның ішінде біздің мектеп-интернаттың мемлекеттің аттестаттаудан өту мерзімі ағымдағы оқу жылының қазан айына бекітіліп отыр. Мектеп-интернат соңғы рет 2010 жылдың қазан айында мемлекеттік аттестаттаудан өткен болатын.

Мемлекеттік аттестаттау 05.12.2022 жылғы №486 бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауын жүргізілді кезінде зерделеудің негізгі бағыттарына сүйене отырып, тиісті құжаттар жинақталуы қажет. Осы орайда ұжым болып ауызбіршілікпен жұмыс жасауды ұсынамын.

Қаулы:

Бастауыш, негізгі және орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарында көрсетілген құжаттардың тізбесін уақытылы және сапалы жинақтау бойынша директордың оқу және тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.

«Білім туралы» ҚР заңының 59-бабының 4- тармағына сәйкес мектеп-интернаттың өзін-өзі бағалау материалдары жинақталып edu.kz сайтына салынсын.

Кеңес төрайымы:
Кеңес хатшысы:



П. Жуматова
Қ. Уәлиева